

«Келісемін»

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімінің басышы

М.Сванов

2025 ж.



«Бекітемін»

Т.Рысқұлов ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің

«Жастар ресурстық орталығы» КММ директоры

Е.Жәдік

2025ж.



Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «Tugar CUP- 2025» атты зияткерлік сайысының

ЕРЕЖЕСІ

Өткізілетін күні: 29.04.2025ж.

Уақыты: 15:00

Өтетін жері: Құлан ауылы, «ҮАММІ» кафесі

Мақсаты: Аудан жастары арасында командалық жұмыс дағдыларын дамыту, шығармашылық ойлау мен көшбасшылық қасиеттерін жетілдіру, жалпы логикалық, эрудиттік пайымдарын кеңейту.

1. Зияткерлік сайыстың шарттары

- 1.1. Зияткерлік сайыс аудан жастары арасында өтеді;
- 1.2. Зияткерлік сайысқа мемлекеттік мекемелер қатыса алады;
- 1.3. Команда құрамында 4 (төрт) қатысушы болуы тиіс;

2. Зияткерлік сайыстың кезеңдері:

- 2.1. Зияткерлік сайыс төрт кезеңнен тұрады;
- 2.2. 1 кезең – «Эрудит». Бұл кезеңде қатысушылардың ақыл-ойы, ситуациалық жағдайлардағы шешімі, логикалық қабілеттері сайысқа түседі;
- 2.3. 2 кезең – «Кино, музыка» деп аталады. Бұл кезең бойынша әлемдік және қазақстандық музыка, кино сұрақтар беріледі.
- 2.4. 3 кезең – «Өнер, тарих, логика» деп аталады. Бұл кезеңде әлем және қазақстан тарихынан, өнер туындыларынан және логикалық сұрақтар аралас беріледі.

3. Зияткерлік сайыстың қорытындысы:

- 3.1. Сайыстың қорытындысы ұпай сандарымен есептеледі.
- 3.2. Әр кезеңде қатысушыларға 5-7 сұрақтан беріледі. Әр турдан кейін команда ұпайлары шығарылып отырады.

3.2. Сайыс қорытындысы бойынша жеңімпаз команда «Tugar CUP - 2025» тимбилдинг ойынының ауыспалы кубогімен және арнайы сыйлықтармен марапатталады.

Жарысқа қатысу үшін өтініштер 2025 жылдың 25 сәуіріне дейін төмендегі мекен-жай бойынша қабылданады: Құлан ауылы, Жібек жолы №106, «Жастар ресурстық орталығы» КММ, немесе jro_ryskulov@mail.ru электронды мекен жайында қабылданады (Өзгерістер қосымша хабарланады).

**Қосымша ақпарат: 87087055020 Нұрболат
87085831819 Нартай**

Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің
ішкі саясат бөлімінің «Жастар
ресурстық орталығының» КММ
директоры Е.Жәдікке

Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық
орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен
«Turar CUP- 2025» атты зияткерлік сайысының

ӨТІНІМ ПАРАҒЫ

№	Команданың аты	Қатысушының аты -жөні	Байланыс нөмірі
1			
2			
3			
4			

Директор: